


Шәкәрім Құдайбердіұлы



1858 - 1930

Қазақ халқының ұлы ойшылы, аса көрнекті ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 24 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында, Кеңбұлақ деген жерінде дүниеге келді.


Құдайберді Құнанбайдың бірінші әйелінен туған, Абайдың ағасы.

Шәкәрім бес жасынан бастап өз ауылындағы молдадан арабша хат таниды. Ол тағы да парсы, шағатай, түркі тілдерін білген.


Жеті жасқа толғанда оның әкесі Құдайберді дүниеден қайтады. Сол күннен бастап ол Құнанбайдың қолында тәрбиеленеді.


Бірақ шынында оның қамқоршысы - Абай болды.

Ол Шәкәрімнің дарындығын, ерекше зеректігін, білімін тереңдету ісін тікелей өз қолына алады.



Ұлы ақын 14-15 жасынан бастап өлең шығарады.
Ол домбыра, скрипка жасайтын шебер болған.





1899 жылы Абай Шәкәрімді шақырып алып, жаңа бір бағытқа жол сілтейді:- «Сен жассың, ел көр, жер көр, араб жеріне қажылыққа бар, сонаң соң үлкен шығыс шаһарлары Медине, Мысыр, Стамбұлды арала, ондағы дүние жүзіне белгілі кітапханаларға барып, ғылыммен таныс, жол қаражатыңды мен берейін», -дейді.

Ұлы Абай інісіне зор үміт артып, сенім білдіріп, келешегіне көрегендікпен қарай білгенін танытады.

Шәкәрім ұзақ жолға бірнеше жыл дайындалады. Ол араб, парсы, түрік тілдерін терең зерртейді.

Абай қайтқаннан кейін, оған берген уәдесінде тұрып, 1906 жылы қажылыққа барады. Медине, Мысыр, Стамбұл қалаларындағы кітапханаларға барып көне қолжазбалармен танысады, философ ғалымдардың ғылыми еңбектерін сатып алып оқиды. 1907 жылы елге оралады.



Ол 1907 жылы Физулидің «Ләйлі-
Мәжнүнін» қазақша жазған.



Шәкәрім келешек жастарға үлкен үмітпен қарап, сенім білдірген, оларға көп еңбектерді арнаған. Оның атақты шығармалары: “Еңлік – Кебек”, “Қалқаман – Мамыр”, “Жастарға”, “Жастық”, “Насихат”, “Жаз келер”, “Ләйліме менің көзіммен қараңыз” ж. т. б.

Ол тағы шығыс ақындарының, орыс жазушыларының еңбектерін аударған.

